



*Ел жүргі - елорда шекіресі*

# АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## **Мектептердің тығыздығы мәселесі шешіле ме?**

Еліміздің құрылыш нормалары мен ережелеріне ақпан айында өзгерістер енгізілді. Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Әнуар Жанғозиннің айтудынша, бұл жағдай орта мектептер құрылышына да артықшылықтар беріп отыр. Енді 1200 орындық мектептердің орнына 3 мыңға тарта оқушыға арналған оқу орындарын салуға болады. Осылай орай Білім басқармасы Қалалық ортаны регенерациялау басқармасымен бірге шаһардағы жеті участке бойынша мектептердің құрылышы жобасын өзгерту. Алдында Бас жоспарда талқыланған бұл мәселе қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында қаралды.



«2023 жылға дейін Астанада 123 мың балаға көбейеді деп күтілуде. Бұған қазір мектептерге сыймай жатқан 11 мың баланы қосыңыздар. Жақын жылдары 134 мың балаға арналған жекеменшік мектептерді салу мүмкін емес. Сондықтан Үкіметпен бұл мәселені талқыладап жатырмыз. Орындар тапшылығын 25 пайызға жекеменшік мектептер, 75 пайызға мемлекеттік мектептер есебінен жабуды жоспарладық, алайда Үкімет бұл жоспармен келіспей отыр. Себебі мектептерді салуға қосымша 130 млрд теңгеден астам қаржы керек. Бұгіндері мәселенің шешімін іздең жатырмыз. Бәлкім, мектептер құрылышының 40-50 пайзызын инвесторларға, яғни жекеменшікке жүктейміз» деді Ә. Жанғозин.

Оның сөзінше, қазір қалада 10 мектеп салынып жатыр. Биыл 3 мектеп пайдалануға берілмек. Қалған 7 мектеп пен 6 жапсарлас ғимарат құрылышының бюджеті бекітілді. Құрылыш жұмыстары биыл басталмақ. Жалпы, қалада мектептер тапшылығымен қатар проблемалы орта білім беру

нысандары бар. Соның ішінде мәслихат депутаты Зейнолла Шібкенов «Өндіріс» және «Кирпичный» тұрғын алаптарындағы №23 және №12 мектептердің жайын сұрады. «Кирпичныйдағы» мектепке 800 оқушы автобустармен қатынайтынын қаперге салды.

«№12 мектепте оқушылардың шамадан тыс асып кету мәселесін оқушыларды басқа мектептерге автобуспен тасымалдау немесе отбасыларды көшіру арқылы шешуге болатын шығар. Бұл маңайда жаңа мектеп салу мүмкін емес. Ешқандай нормалар бұған мүмкіндік бермейді. №23 мектепке жапсарласғимарат салу мәселесін қарастырып жатырмыз. Бірақ №60, №31, №59, №75 мектептерде оқушылар саны одан да көп. Яғни, алдымен осы орта білім орындарының мәселесін шешуіміз керек» деді басқарма басшысы.

Депутат Қарақат Абден Тельман кентінің мәселесін көтерді. Оның айтуынша, аталмыш кентте бірде-бір мектеп пен балабақша жоқ. Ең жақын мектеп Заречныйда орналасқан. Оның өзінде оқушылардың саны асып кеткен. Қаладағы №75 мектеп сияқты нысандарды Тельман мен Заречныйдан келіп қатынайтын оқушылар толдырды.

«Астананың шеткі аймақтарын дамыту тұжырымдамасы әзірленді. Қаланың шетінде тұратын халықтың жағдайына мұқият қарауымыз керек. Бірақ сол аймақтарда тұратын балаларды үнемі ұмытамыз. Мектеп пен балабақшамен, қоғамдық көлікпен тиісті деңгейде қамтамасыз етпейміз» деді Қ. Абден.

Депутат қосымша білім түйткілін де атап өтті. Оның сөзінше, музыкаға және бейнелеу өнеріне баулитын мектептер, Оқушылар сарайлары – бәрі он жағалауда орналасқан. Сол жағалауда олардың бірде-біреуі жоқ.

Рамзия Умербаева бұрынғы үлгімен мектеп салынғанда оның жанына балабақша салуды ұсынды. Депутаттың сөзінше, ата-аналар да бұл үлгіні құптайды.

Қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Мәжит Шайдаров өз тәжірибесімен бөлісті. «Қазір мектептердің тығыздығын талқылап отырмыз. Осыдан 18 жыл бұрын Астана қаласы Денсаулық сақтау департаментін басқарғанымда дәл осындай жағдай емханаларға қатысты туындаған еді. Яғни, оларды қай аумаққа салу керектігін шештік. Бас жоспарды, Білім, Жұмыспен қамту, еңбек басқармаларын, Ішкі істер департаментін, Көші-қон полициясын шақырып, қаланың электронды картасын әзірледік. Сол арқылы құрылыс жүретін аумақтар, халықтың тығыздығы анықталды. Қазіргі емханалардың бәрі сол уақытта жобаланды. Мектептерді де осы үлгімен салу керек. Тельманда құрылыс қарқынды жүргізіліп жатыр. Демек, сол аумаққа мектеп қажет» деді комиссия төрағасы.

Депутат Зәуре Жүсіпова 1200 балаға арналған №82 мектепті «Дарын» мектебіне қосып жібергенін, қазір ондағы оқушылардың саны 600-ден астам екенін айтты. «Басқа мектептер 3 мың оқушымен оқып отырғанда, бұл мектепте бала саны бар болғаны – 600. «Арман қаланың» маңайында үлкен мектеп салынды. Бұл математикалық бағыттағы оқу орнын жекенің қолына беріп қойды. Егер мектептерді жекенің қолына бере берсек, оқу орындары тығыздығы мәселесін шешпейміз» деді депутат.

Қалалық ортаны регенерациялау басқармасының басшысы Ғали Исқалиев егер мәслихат депутаттары ұсынылған жобаны қолдаса, биыл жаңа 10 мектепті жобалау жұмыстары басталатынын айтты. Энергетика және байланыс колледжіне арналып салынған ғимарат мектепке берілетінін, тиісті талдау Тельман кентінде мектеп қажеттігін көрсетсе, оны жобадан алып тастамайтынын жеткізді.

Депутат Зұлпықар Ғайыпов колледж ғимаратын мектепке бермес бүрын түсіндірме жұмыстарын жүргізу керектігін айтты.